Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы МКҚК

Анықтама

Сызған ауылы **10 желтоқсан 2021 жыл**

Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіз – әлемдегі ең құдіретті сөз. Ел еркіндігі. Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 30 жыл. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. 1991 жылы 16 желтоқсан әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Бұл тәуелсіздік қанша ғасырдан бері армандап келе жатқан бұрынғы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аналарымыздың көз жасы. Еркіндікке қол жеткізген жас мемлекеттің алдында жасалынатын көптеген жұмыстар тұрды. Өзінің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасы мен валютасын қалыптастыру сынды жауапты жұмыстар тұрды. Осының бәрін отыз жылда орындап, әлем жұртының алдында өзіннің даңқты ел екенін мойындата білді. Тәуелсіз елдің алғашқы президенті – Нұрсұлтан Назарбаев. Еліміздің көркейіп, өркендеуіне бұл кісінің қосқан үлесі орасан. Жазық далаға ел жүрегі – Нұр-Сұлтан қаласын салып, оны әлем жұртына таңыта білді. Қаланың аспанмен теңесе салынған биік ғимараттары мен халықтың қолданысы үшін әрқилы ойын-сауықтық кешендер барлығы қала әсемдігіне көрік қосып тұр. Қазақстанның әсем мекендері, сұлу табиғаты, жұпар ауасы, тарихқа толы қалалары бәрі еліміздің баға жетпес байлығы әрі әлем жұртының көз тіге қарайтын, саяхаттап келетін туристік мекенге айналды. Біз, жас өскелең жастар, тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Ата-бабаларымыздың аңсаған арманы – тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан біздер шынайы бақытты жандармыз. Ендігі мақсат, осы еркіндікті баянды ету, балабақшадағы балалардаың бойына сіңіру біздің басты парызымыз.

Осы мақсатта Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы МКҚК - да 02.12 - 10.12.2021 күндер аралығында «Тәуелсіз елдің - ұланы» тақырыбында апталық мерекелік іс шара болды. Мерекелік іс шара жоспары педагогтар арасында алдын ала талқыланып меңгерушінің қолымен бекітілді. Жоспардағы көрсетілгендей балалар арасында ертеңгіліктер, танымдық оқу қызметтер, ата - аналар мен балалар арасында тақырыптық көрме, балалар арасында өлең сайысы және қызметкерлер арасында психологтың тренингтері өткізілді. Осы жоспар аясында іс шаралар өткізіліп өз мәресіне жетті.

Қорыта келе: ата - аналар балалармен бірлесе отырып ұйымдастырылған

көрменің мақсаты ата - анамен бірлесе отырып балалардың Отанға деген патриоттық сезімін оятып, елін - жерін сүюге, Отанын қадірлеуге және ұлжандылыққа тәрбиелеу. Өзінің Қазақ деген атқа ылайық екенін және сол атқа ылайық болуын ұғындару.
Мәре соңында «Мен еліммен мақтанам» тақырыбындағы көрменің жеңімпаздары анықталды.

«Қарлығаш» ортаңғы тобы

I - орын Бекман Хақназар
II - орын Жұмабай Айсұлтан
III - орын Бақыт Ерасыл

«Балапан» кіші тобы

I - орын Бердібек Ғаламат
II - орын Сәбит Жандаулет
III - орын Мамырхаг Медина

Ата - аналар мен балаларды «Алғыс хатпен» марапаттап, сыйлықтар берілді.

Әдіскер: Жылысбаева Р